

А.Н. Муратова^{1*}, У.М. Бахтикерева², Ш. Мажитаева¹

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

²Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей

(E-mail: altynmuratova@mail.ru, uldanai@mail.ru, s_mazhit@mail.ru)

Бейвербалды амалдардың зерттелуі және функционалдық қызметі

Мақалада авторлар шетел ғылымы мен отандық лингвистикадағы тілден тыс құралдардың зерттелу тарихына тоқталған. Бейвербалды амалдардың түрлерін ажыратады, жасалу жолдарын түсіндіреді. Әр халықтың ұлттық танымына байланысты ишараттар мағынасының арасында айырмашылық болатынын зерделейді. Бейвербалды амалдардың коммуникативтік қызметі талданған. Мақала авторлары нақты мысалдар арқылы бейвербалды амалдардың жай ғана хабарды жеткізу үшін жұмсалмайтынын, ел үшін, оның тарихы үшін астары құпия сақталатын маңызды оқиғаларды жеткізуде жұмсалатынын дәлелдеген. Мұндай қолданыстарда жалпыхалықтық сипаттағы мағынасына қосымша мағына үстелетінін, көп жағдайда екі адамның немесе топтың келісімі негізінде жасалатынын дәйектелген. Зерттеу барысында авторлар бейвербалды амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашу мақсатында талдау, салыстыру, салғастыру әдістерін қолданған.

Кілт сөздер: бейвербалды амалдар, дене қалыбы, кинесика, ым-ишарат, жасырын мән.

Kipicne

Тіл — адам баласы қатынасының аса маңызды әрі санада бейнеленген ойды жарыққа шығарушы универсалды құрал. Тіл — әр халықтың жүріп өткен жолын, тарихын, салты мен дәстүрін, шежіресін бүгінгі ұрпаққа жеткізуші. Тілдің қоғамдағы атқаратын қызметтерін жан-жақты зерттеген ғалымдар үшке бөліп көрсетті. Соның бірі — тілдің коммуникативтік қызметі. Алайда адамзат баласының қолданысындағы жалғыз ғана қарым-қатынас құралы деп айта алаймыз. Табиғи тілмен қатар қолданылып, әр халықтың мәдениетінен, салты мен дәстүрі, дүниетанымынан хабар беретін, кейде айтылған ойды нақтылып, толықтырып, кейде орнын басатын ым-ишара тілі бар. Жалпы адамзат баласының сөйлеу тілі қалыптасқанға дейін қарым-қатынастың негізгі құралы болғанын тілдің шығуы мен қалыптасуына байланысты зерттеу еңбектерінде айтылды. Мәселен, қазақ тілінің энциклопедиясында «Глоттогонез барысында (сөйлеу тілінің пайда болуы) ең алдымен ым тілі қалыптасып, дамып жетілген. Үм тілі — саңыраулардың (керең-мылқаулардың) басты, кейде бірден-бір қатынас құралы. Оңтүстік пен Солтүстік Америкада, Африка мен Австралияда, Үндістан мен Океанияда т.б. елдерде ым тілі еститіндер арасында да кең тараған [1; 125]. Келтірілген мәлімет жоғарыда айтылған пікірімізге сәйкес келеді. Үм тілі сөйлеу тілімен қатар қолданылып, сөйлеушінің түрлі мақсаттарын жүзеге асырып отыратынын да тілдік деректерден байқауға болады. Бірқатар зерттеушілер: «Үм-ишара алғашқы адамдардың қарым-қатынас формасы, әсіресе бағыттаушы, бейнелеуші, қорғанушы, қорытушы және т.б. мағынада жұмсалып, адамдардың түсінісуіне негіз болған қол қимылы алғашы тілдің дамуына мүмкіндік берді. Кейін келе ым-ишара дауыс пен айғаймен үйлеседі. Дыбыстық тіл дамығанға дейін мыңдаған жылдар өтті, бірақ ым тілімен байланысты болып қала бермек [2; 131]. Дыбыстық тіл қалыптасқанға дейін ым-ишара, жасанды таңбалармен түсінісіп, қарым-қатынас жасай алған және түсінісудің негізі құралы болған, ал қазіргі қоғамда дыбыстық тіл дамып, кемеліне келді, дегенмен тілден тыс құралдар қолданыстан шықты деп айта алмаймыз. Кейде дыбыстық тілмен қатар қолданылса, кейде вербалды тілдесімнің орнына жұмсалады. Тілдесім әрекетінде дыбыстық тілмен қатар қолданылатын бейвербалды амалдар сөйлеушінің әлеуметтік ортасын, эмоциялық иірімдерін, айтылған пікір шынайылығын және т.б. қасиеттерін жан-жақты көрсетіп, коммуникативтік қызметті жүзеге асырады.

Зерттеудің нысаны: Бейвербалды амалдардың коммуникативтік қызметі.

Зерттеудің пәні: Бейвербалды амалдар және жасырын мағына.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: altynmuratova@mail.ru

Мақсаты: бейвербалды амалдардың зерттелу тарихына сипаттама жасау, қарым-қатынас кезіндегі мағынасына түсінік беру. Дыбыстық тілдің қатысуынсыз жасалатын кинемалардың қарым-қатынастағы сипатына түсінік беру.

Міндеттері: шетелдік және отандық тіл біліміндегі бейвербалды амалдар жөніндегі зерттеулерге тоқталу; құпия хабарды жеткізу үшін жұмсалатын бейвербалды амалдардың қолданысын көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Бейвербалды амалдардың астарындағы жасырын, имплицитті мағынасын ашу үшін талдау әдісі қолданылады. Зерттеу нәтижесі бойынша коммуниканттардың ойға алған мақсаты дыбыстық тілдің қатысуынсыз ым тілі арқылы толық орындалатынын, жасырын мағынаны жеткізу үшін жұмсалатын бейвербалды элементтердің мағынасы жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан өзгеше болатынын анықтадық.

Әдістер мен материалдар

Тілдесімнің бұл қатынас түрін алғашқылардың бірі болып қарастырғандардың қатарына шетел ғалымдары жатады, атап айтсақ Дж. Балвер, Джон Каспер Лаватер, Чарльз Белл, Джованни Бонифацио, Френсис Бэкон, Р. Бердвистел, А. Кендон, А. Пиз. Ғалымдар бейвербалды коммуникацияны әр қырынан қарайды. Дене тілі мен бейвербалды коммуникация шешендік өнер, психология, педагогика, физиогномика сияқты салаларда адамның ішкі қасиеттерінің сыртқы бейнесінде қалай көрінеді деген сұрақтар жиі мазалайды. Осы сұрақтың жауабын алғашқылардың бірі болып берген Дж. Балбер дене тілі, оның ішінде қол қимылына ерекше назар аударады. Басқа жасанды тілге қарағанда қол тілі табиғи тіл, сондықтан зерттеуге лайықты деген қорытындыға келеді [3; 120]. Ғалым қол қимылы арқылы жасалған ишаралардың семантикасын, жұмсалыу орнын көрсетеді. Тіліміздегі қол қимылдары негізінде жасалған ишаралардың мағынасы мен түрлерін анықтауда осы еңбектің маңызы ерекше. Қазақ тіліндегі құпия тілдесім мәселесін қарағанда, айтатын ойды өзгеден жасырғанда қоғамның өзге мүшелеріне білдірмей-ақ, қолды сермеп қалып, қолмен түртіп қалып жеткізіп отырғанын байқаймыз.

Адамның бейвербалды әрекетін зерттеген Д. Эфрон өзінің «Жесты и окружающая среда» еңбегінде дене тілі мен ым-ишараны зерттеудің жаңа тәсілдерін ұсынып, бейвербалды амалдардың классификациясын жасады. Ғалымның пікірінше, барлық ишара дыбыстық тілмен байланысты болып келеді, соған сәйкес оларды үш түрге бөлген: эмблемалық, иллюстраторлық, реттеушілік. Коммуникативтік актіде дыбыстық тілдің қатысуынсыз жеке қолданылады, кей жағдайда бірін-бірі толықтырып отырады. Иллюстраторлық ишаралар вербалды контекстен тыс тұрып мағынаны білдіре алмайды. Реттеуші ишаралар сөзбен қатар қолданылады [4; 30]. Бейвербалды амалдар адамдар арасында қарым-қатынастың негізгі құралы болғанын айттық, дегенмен дыбыстық тіл қалыптасып, дамығаннан кейін қатар қолданылып, сөйлеу кезіндегі коммуниканттардың эмоциясын, айтылып жатқан пікірді қолдайтынын не қолдамайтынын, сөйлеуші тарапынан айтылғанды қабылдағанын, не қабылдамағанын, тыңдаушыда қызығушылықтың болғанын көздің қимылы, бас, қолдың қозғалысынан анық байқауға болады. Осы тұрғыдан алғанда дене мүшелерінің қимылын бақылап, зерттеу аса қажет. Өзге елге іссапармен барғанда, тілді меңгермеген жағдайда ыммен ылаждасып түсінісуге болады, бірақ әр елдің салтына, дүниетанымына байланысты бейвербалды амалдардың мағынасы да өзгеше болып келетінін ұмытпаған жөн. Мысалы, қолды жоғары көтеру қазақ, орыс халықтарында «сөз сұрау» мағынасында жұмсалады, ал бас бармақ пен сұқ саусақтан шеңбер жасап, қолды жоғары көтеру ишараты арқылы америка азаматтары «бәрі тамаша» дегенді білдірсе, француздар «керексіз, ноль» деген мағынаны берген. Кез келген ым-ишараны қолдану үшін алдын ала білдіретін мағынасы мен қолданыс аясын білген жөн. Кинесика ғылымын жасаушы америка антропологі Р. Бирдвистел ым тілін халықтың мәдениеті, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен байланыста зерттеді. Көптеген халыққа тән ым-ишараның типтік формасын жасады. Халық арасында сауалнама жүргізіп әртүрлі халық пен түрлі мәдениетте қолданылатын ым-ишараттарға мағыналық талдау жасаған. Туа біткен ым-ишаралар болмайды, барлығы мәдениеттің жемісі деп есептейді. Америка мәдениетінде жиі қолданылатын 50-60 кинеманың бар екенін анықтаған. Олардың көбі бас, бет кинемасы. Бұл бас изеудің үш түрі: бір реттік, екі реттік, үш реттік. Бас ию, басты шайқау т.б. кинемалардың қолдану аясын, беретін мағынасын анықтаған [5; 45]. Ғалымның жасаған тұжырымдары, жүргізген эксперименттері халықтар арасындағы коммуникацияны зерттеуде маңызды орынға ие. Зерттеушінің келтірген кейбір ишараттары біздің халқымыздың күнделікті тұрмысында да сол мағынасында жұмсалатынын байқадық. Қазақ тіліндегі құпия хабарды жеткізу үшін жұмсалатын ым-ишараттарға мағыналық талдау жасағанда да ғалымның келтірген пікірлерін басшылыққа аламыз. Тілден тыс құралдарды зерттеген А. Кендон ым-ишараны

түсіну мен қолданудың негізгі шарты контекст деп білді. Жұдырығын жоғары көтеру ишаратын контекстсіз түсіну мүмкін емес, себебі бұл көпмағыналылыққа ие. Біріншіден, айбат көрсету, екіншіден, сәлемдесу, үшіншіден, биліктің саяси символы деп түсіндіреді. Коммуникативтік процесте жұмсала-тын кинемалардың мағынасы мен қызметі контексте ғана ашылатынын көрсетеді. [6; 21]. Тілде көп контекстсіз нақты мағынасы анықтала бермейтін ым-ишаралар жиі кездеседі. Мысалы, бас бармағын көрсету: керемет, өте жақсы, қолдау, мақтану деген мағыналарды білдіреді. Нақты қай мағынада жұмсалғанын тек мәтін негізінде анықтай аламыз.

Қазақ тілі білімінде адамдар арасындағы тілсіз қатынас түрі бейвербалды амалдарды зерттеу мәселесі кейінгі жылдардың үлесіне тиді. Бұл бағыттағы ғылыми еңбектер бейвербалды амалдардың әр түрлі қырларын сипаттайды. Тілсіз қатынас құралдарының ерекшелігі, түрлері, мағыналық топтары, ұлт мәдениетімен, салт-дәстүрімен, дүниетанымы, ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен байланысы жан-жақты қаралды деп айта алмаймыз, дегенмен алғашқы А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов, Ж. Аймауытов еңбектерінен бастау алған ғылыми еңбектер жазылды. Қазақ тіл біліміндегі бейвербалды амалдарды арнайы зерттеген ғалымдар: Б.Қ. Момынова, С.Б. Бейсенбаева, А.Д. Сейсенова, Ж.Қ. Өмірәлиева, Ж. Нұрсұлтанқызы, С. Мағжан, П. Ешимов, В.Д. Нарожная т.б. [7; 1-9].

А. Байтұрсынұлының әдебиетке қатысты теориялық мәселелерді қамтыған «Әдебиет танытқыш» еңбегінде айтыс өнерінде сайысқа түсуші ақындардың дене ишаратына, бет-әлпетіндегі өзгерістерге назар аударып, ақынның жан дүниесінің көрінісі деп, психологиялық ерекшелігіне тоқталады [8; 135].

Бейвербалды коммуникацияға байланысты алғашқы пікірді Ж. Аймауытовтың «Психология» еңбегінен байқаймыз. Ж. Аймауытов беттің ымын мимика, ал ымдасуды пантомимо деп атап, олардың өзіндік ерекшеліктерін сипаттап, нақты мысалдармен дәлелдей келе: «Бақылайтын адамның жоғарыда көрсетілген барлық қарастарын белгілеп әдеттену керек. Осылай бақылап, жаттығуды тең жарылған кезде, қозғалыстардың «мәнісін» байланыстыра бастау тиіс. Әр уақытта пәлендей қарас болды, неліктен сондай мәнісі болды? деп бақылаушы өзіне-өзі есеп беріп отыруы керек» [9; 106], - дегенінен адамды тану үшін оның бейвербалды әрекетін жіті қадағалау керек деген пайымын байқаймыз. Тілші ғалым Т. Қордабаев: «Ым тілі жасанды емес, ол ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра ретінде беріліп отыратын табиғи құбылыс. Шарттылық ым тілінде тым елеусіз, сондықтан ол негізінде интернационалдық құрал, оны бірінің тілін бірі білмейтін адамдар да түсіне алады. Барлық халықта жұдырық көрсетуді қорқыту деп, қол бұлғауды шақыру деп түсінеді. Сөйленістің вербалды тәсілдерімен бірге жүретін кинесикалық, проксемикалық, просодикалық амалдар мен қимылдар лингвистикада бейвербалды қатынастың құрамында болатынын түсіндіреді. Паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Шынында да, адамдар бірін-бірі белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады» [10; 234], - деп қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың орнын анықтап, олардың халықтар арасындағы коммуникацияда бірінің тілін бірі білмесе де, ым-ишаралар арқылы түсінісуге болатынын жеткізеді. Бейвербалды амалдардың қазақ тіл білімінде зерттелуіне осы пікірлердің өзі негіз болды деп айтуға болады. Ғалымдарымыздың қысқаша айтып кеткен пікірі негізінде бірнеше ғылыми еңбек жарық көрді, дегенмен де әлі де зерттелуге тиіс проблемалары аз емес.

М. Жұмабаев: «Адамның жан сыры дене арқылы, мимика арқылы сыртқа білінеді, ... дене де жанға байлаулы, жан көріністері денеге қатты әсер береді. Адамның көзқарасы, дауысы, аяқ басуынан жанның қандай күйде екені көрініп-ақ тұрады» [11; 243], - деуі адам бойындағы түрлі психологиялық иірімдер (толқу, қуану, ашу, қорқу т.б. сияқты) арқылы оның ішкі құпия-сырын тануға болатынын аңғартады. Сөйлеу процесі кезіндегі коммуниканттардың өзін ұстауынан олардың қай әлеуметтік ортадан шыққанын байқасақ, бет пішіні арқылы қарым-қатынастың қай деңгейде өрбейтінін көруге болады.

Бейвербалды амалдардың жасалу жолдары мен қарым-қатынас кезіндегі атқаратын қызметін, көркем әдебиеттегі көрінісі мен қолданыс орнын талдап-жүйелеу жаңа ғылыми бағыттарды терең түсінуге жол ашады. Қазақ тіліндегі бейвербалды амалдар туралы тілші-ғалым Б. Момынова: «Кең ауқымдағы танымдық тұрғыдан да дене тілі, ым мен ишаратты зерттеу — тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді қарастыру барысында ғана қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа бағыт» [12; 16] деп бұл бағытты кешенді зерттеу керектігін меңзеді. Ғалым еңбегінде бейвербалды амалдар мағыналық жағынан топтастырылды, олардың іскери қарым-қатынастағы орны, лидерлер имиджін қалыптастырудағы рөліне кешенді талдау жасады. Ұлттық сипаттағы ым-

ишаралардың мағынасын талдау барысында ғалымның келтірген тұжырымдарын басшылыққа алатын боламыз. А.Д. Сейсенова бейвербалды амалдардың берілу жолдарын, қазақ тіліндегі ым-ишараттардың орыс тіліне аударылу жолын, оның әдеп ұғымымен сәйкес келуін, ұлттық негіздегі паратілдік амалдардың ерекшелігін лингвомәдениеттену тұрғысынан зерттеген. Бейвербалды амалдардың мағыналық жағынан топтастыруда бұл еңбектің маңызы ерекше [13; 25]. Тілсіз қатынас кезінде қол, көз, бас, мойын, қас қимылына қарап көп ақпарат алуға болады. Ертеде ру, жүз, жекелеген адамдардың арасындағы даудың шешімі бір ғана қолдың қимылымен шешіліп отырған, сондықтан әр қимылдың мағынасын, атқарған қызметін анықтап, ата-бабалардың арасындағы сыйластықты, бірлікті, әділдікті болашақ ұрпақ санасына сіңдіру керек. Кез келген тілді мәнерлі етіп, аз сөзге көп мағына сіңдіре білген халықтың даналығын, көрегендігін бейнелейтін сөз орамдары бар. Бұлардың бірі — фразеологизмдер. Қазақ тілінде фразеологизмдермен берілетін бейвербалды амалдар жиі кездеседі. Жалпы дене қимылына негізделіп жасалған тұрақты сөз тіркестерін Г. Смағұлова «кинетикалық фразеологизмдер» деп атап, оған табанынан тік тұру, қол қусыру, құрақ ұшу, санын сабау т.б. сияқты мысалдар келтіреді [14; 62-63]. Ұлт мәдениетін, халықтың өзгеге ұқсамайтын ұлттық дүниетанымын бейнелейтін бейвербалды амалдардың табиғатын танытуда С.Б. Бейсенбаева зерттеуінің маңызы зор. Ғалым бейвербалды амалдардың мән-мағынасын ашумен қатар, фразеологизмдермен жасалған бейвербалды амалдардың қолданыс аясын, жұмсалып орнын ашады [15; 23].

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева қарым қатынас екі түрлі жолмен жүзеге асады дей келе, тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың айырмашылықтарын және ұқсастықтарын саралап көрсетеді. Бейвербалды коммуникацияда ым-ишараттар, таңба-белгілер негізгі тілдесім қызметін атқара алады деген қорытындыға келеді [16; 78]. Бейвербалды коммуникацияның сөйлеу процесіндегі орны, атқаратын қызметі сан түрлі. Коммуникант айналасындағылармен алуан түрлі ым-ишара, белгі, бас шайқау, иек қағу, саусағын шошайту, көзін қысу арқылы өз ойынан хабар бере алады. Мысалы, сөйлеп тұрған адамның дене қалыбына қарап, жас мөлшерін, әлеуметтік ортадағы статусын байқауға болады.

Нәтижесі мен оларды талқылау

Бейвербалды амалдар вербалды тілдесіммен қатар қолданылып, нақтылаушы қызмет атқаратыны белгілі. Тілші-ғалым И.В. Горелов: во-первых, дополнять лингвистическую информацию, во-вторых, замещать лингвистический знак, «разрушая» тем самым «словесную коммуникацию», - деп көрсетеді [17; 23]. Ғалым пікірі коммуникативтік актіде қолданылатын бейвербалды амалдардың вербалды тілдесімдегі ақпаратты толықтыратынын, кейде оның орнына жұмсалатынын нақтылай түседі. Десек те, адам баласы тілдесім барысында белгілі бір себептерге байланысты таза ишараны қолданынын күнделікті өмірде де тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардан кездестіреміз. Кейде елдің тарихы үшін аса маңызы бар мәселелерді дыбыстық тілді қолданбай-ақ таза бейвербалды амалдарды пайдалану арқылы шешіп отырғанын өткен күндерге көз жүгірту арқылы байқаймыз. Мысалы, Кіші жүздің биі мен Бекболат шешеннің арасындағы қарым-қатынасқа назар аударсақ, кіші жүздің биі екі қолын айқастырады. — Бекболат «құп болады» депті. Би: Алақанын жұмып-ашады. — Бекболат «құп болады» депті. Би: Қолын сермеп-сермеп қояды. — Бекболат «құп болады» депті. Би қолын түйістіріпті. — Бекболат «құп болады» деп он саусағын көрсетіпті. — Би «құп болады» депті. Берілген үзіндіде «құп болады» тіркесінен басқа басы артық сөз жоқ, бірақ екі кейіпкердің арасындағы коммуникация «екі қолын айқастырды, алақанын жұмып-ашты, қолын сермеді, қолын түйістірді, он саусағын көрсетті» сынды кинесикалық амалдар арқылы жүзеге асқан. Екі адамның арасындағы коммуникацияның толық орындалғанына қарағанда, сөйлеуші мен тыңдаушы кинесикалық амалдарды дұрыс интерпретациялаған, ал жанындағы адамдардың әңгіме желісін түсіне алмауы, бейвербалды амалдардың кілтін толық аша алмауында, бұған себеп берілген амалдардың көпмағыналы болып келуінде болса, екіншіден, қоғамдағы орны мен атқаратын қызметіне байланысты. Психологтардың пікірі бойынша «қолын айқастыру» жиі кездесетін ым-ишараттың бірі. Коммуникация кезінде өзін еркін сезінген жағдайда осындай қалыпта болатын болса, екіншіден, сырт әлемнен қорғануды білдіретінін, үшіншіден, сөйлеуші сөзіне көңілі толмаған кезде қолданатынын, байланысқа түсуге үзілді-кесілді қарсылығын білдіреді деп түсіндіреді [18; 54]. Берілген контекстегі автор репликасына сүйенсек, бұл «алысуға жараймын» деген ишараны білдіреді және жалпыхалықтық сипатына қарағанда (жоғарыдағы психологтар келтірген мағынасы көпшілікке тән) қолданыстағы «алысуға жараймын» фразасын осы кинемамен беру тек екі бидің қарым-қатынасында кездеседі. «Алақанын жұмып-ашу» арқылы бар немесе жоқ дегенді түсінуге болады. Осы контексте бұл ишарат арқылы «татуласайық» дегенді меңзесе, «қолын сермеу» ишараты «бір нәрсені қажет етпеу, қабылдамауды» білдірсе, берілген мә-

тінде «қылыш сенде де бар, менде де бар, қылыш сермей-ақ қояйық» дегенді, «екі қолын түйістіруі» — құшақтасып дос болайық — дегенді білдірсе, он саусағын көрсету арқылы «он күннің ішінде тар-ту-таралғыңмен Абылай ханның алдына бар» деген тұтас сөйлем мен фразалардың орнына жұмсалған. В.Д. Нарожная: «Значение жеста во многом зависит от ситуации и того, как его преподносит исполнитель» деп жағдайға, орындаушының қолданысына байланысты өзгеретінін айтқан [19; 78]. Бұл жерде де ишараны қолданушылардың мақсатына сай мағынасы өзгергенін байқаймыз. Би мен шешеннің вербалды тілдесімсіз бейвербалды амалдар арқылы қарым-қатынас жасауы арадағы болатын әңгіме желісін құпия, жасырын күйде ұстау, себебі екеуі де қоғамдағы статусына қарағанда екі ханның атынан келген өкілдер, ханның өзінен бұрын өзге адамдардың хабардар болуынан сақтанғандықтан болса керек.

Осындай ым ишараның тоғысып келіп, кейіпкерлердің бейнесін ашуда үлкен рөл атқаратынын байқататын төмендегі әңгіме желісіне көңіл аударсақ:

«Ерте заманда үш ағайынды жігіт ұзақ жолдан келе жатып, таң алдында көшіп кеткен үйдің жұртына келіп тоқтайды. Осы кезде үйге қыз кіріп келіп, үш жолаушының ортасына бір үлкен кесені төңкеріп шығып кетеді.

Қыз кеткен соң үшеуі: осы кесенің астында қандай зат бар?» — деп таласады. Біреуі тұрып мұның астында қызыл зат дейді. Алғашқы білгір жігіт олай болса қызыл анар болды ғой деп, кесені төңкеріп көрсе, шынында да бұзылмаған анар екен. Қонақтарға шай жасауға келген қыз кесе мен анарды алып кетеді де, қайтып келіп, дастархан жайып, шай құйып беріп отырады.

Қызға қарама-қарсы бөстек үстінде отырған алғашқы жігіт қызға қарап, сақалын сипап тарамдай береді.

Мұны байқап отырған бойжеткен жігітке қарап, шашын сипайды. Жолаушы жігіт енді өзі отырған астындағы бөстектің жүнін сыпыра сипайды. Осы кезде қыз жігітке қарап, көзін жұмып тілінің ұшын жылт еткізеді. Ұйқыға кеткен жолаушылар мен үй иелері таңертең төсектен тұрса, сақалды жігіт пен қыздың қол ұстасып бірге кеткенін біледі.

Бейвербалды тілдесімді зерттеушілердің еңбектерінде адамның қоғамдағы әлеуметтік ортасына, мәдениетіне, салтына байланысты қолданыс аясы, атқаратын қызметі де әртүрлі болып келеді. Қазақ халқы қыз балаға ерекше құрметпен қараған, оның орны әрқашан төрде болған. Сонымен қатар ата-ана тарапынан қызының бейтаныс ер адаммен емен-жарқын сөйлесуге, өз босағасынан аттағанша арына, тазалығына қайшы әрекеттердің жасалмауын қадағалайды. Жоғарыда келтірілген үзіндідегі «кесе астындағы анар» қыздың тазалығынан, пәктігінен хабар береді. «Шаш, жүн, сақал» көптік мағынадағы ұғымды білдіргендіктен, ишаралап отырған затының көп болғанын интенциялайды, «көз жұму, тілінің ұшын жылт еткізу» кинемаларының мағынасы контекске сай ашылады, себебі «көз жұму» келісімді, ұйықтауды білдіреді. «Тіл ұшын жылт еткізу» көбінесе кішкентай балалардың арасында қолданылып мазақтау, келемеждеу мағынасын береді.

Кинесиканы алғашқылардың бірі болып зерттеген американ ғалымы ым мағынасын түсінудің басты шарты контекст екенін дәлелдеген, осыған ұқсас пікірді ғалымы А. Кендон «жұдырық түю» кинемасы арқылы түсіндіреді [6; 43]. Бұл кинема бірнеше мағынада жұмсалатындықтан, оның нақты қай мағынада берілгенін контекстен анықтауға болатынын айтады, сондықтан ым-ишарат мағынасын түсіну үшін контекстің маңызы ерекше. Берілген мәтіндегі «көз жұму, тілінің ұшын жылт еткізді» кинемаларын да контекстен тыс қарау мүмкін емес, себебі бұл амалдар көпмағыналылыққа ие. Автор репликасына жүгінсек, жігіттің қызға қарап сақалын сипағаны «Әкеңе сақалының түгіндей көп мал берсем бере ме екен?» - дегені, қыздың шашын сипағаны «Шашындай мал берсең, береді» - дегені. Бөстектің жүнін сыпыра сипағаны «Сен үшін малды мына бөстектің жүніндей беремін» деген ой жеткізсе, қыздың көзін жұмып, тілін шығарғаны «ел ұйықтаған соң тілдес» дегені екен, яғни екі адамның арасындағы коммуникация вербалды тілдесімсіз, ешбір сөз де қолданылмай толық орындалды. Бұл әңгімеден ымның тамаша құпия тілдесу амалы екенін айқын аңғаруға болады. Жалпыхалықтық түсіністе ер адамдардың сақалын сипауы — бір нәрсе жайлы қатты ойға берілген қалпын белгілейді. Ал бұл тұста жалпыхалықтық түсіністен ауытқып, екі адамның өзара жасырын хабар алысу қызметін атқарып тұр.

Осы сияқты Қарашаш пен Жиренше шешен арасындағы төмендегі үзіндіні келтірсек:

Жиренше төрде отырып қызға қарап басын сипайды. Бұл: «Сенің қалың малың шашымнан көп-ау», - дегені еді. Қыз оны түсініп астындағы тақыр тулақты сипайды. Ол: «Теңімді тапсам, тақыр кедей болса да береді», - дегені еді... («Шешендік шиырлар», 14-б.) мысалдан Қарашаш пен Жиренше

бірін-бірі ұнатқанын осылай ыммен ұғысатындығын байқауға болады. Қыз бен жігіт ым арқылы келісімге келгенге ұқсайды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта бейвербалды амалдар арқылы берілетін жасырын, құпияны анықтау арқылы бабаларымыздың ойды жеткізудегі шеберліктерін байқауға болады.

Жесттің қолданылу жиілігі мен аясы белгілі бір халықтың әдеп-ғұрпын, өзіндік түрлі қырларын, оның ішінде менталитеті мен әлеуметтік дәстүрлі нормаларын көрсетері анық.

Тілдесімнің тілден тыс құралдары шетел ғылымында да отандық лингвистикада да біршама зерттелді. Дегенмен, бейвербалды амалдар адамдар арасындағы жасырын, құпия хабарды жеткізу үшін қолданылатынын зерттеу барысында байқадық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілі энциклопедиясы. — Алматы, 1998. — 560 б.
- 2 Крейдлин Г.Е. Невербальная семиотика: моногр. / Г.Е. Крейдлин. — М.: Новое литературное обозрение, 2002. — 400 с.
- 3 Balver J. Or the natural language of the hand and Chironomia: Or the art of manual rhetoric. / J. Balver. — Illinois: Southern Illinois Univ, 1974. — 237 p.
- 4 Efron D. Gesture and Environment / D. Efron. — New York: King's, 1941. — 325 p.
- 5 Birdwhistell R.L. Introduction to kinesics: An annotation system for analysis of body motion and gesture / R.L. Birdwhistell. — Louisville, KY: Univ. of Louisville Press, 1952. — 420 p.
- 6 Kendon A. Some functions of gaze-directions in social interaction // A. Kendon // Acta Psychologica. European journal of psychology. Amsterdam, 1967. — P. 22–63.
- 7 Muratova A. Non-verbal signs and secret communication as universal signs of intercultural communication / A. Muratova, Sh. Mazhitayeva // Rupkatha journal on interdisciplinary studies in humanities. — 2021. — No. 1. — Vol. 13. — P. 1-9.
- 8 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Атамұра, 2003. — 206 б.
- 9 Аймауытов Ж. Психология / Ж. Аймауытов. — Алматы: Ғылым, 1998. — 447 б.
- 10 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары / Т. Қордабаев. — Алматы: Мектеп, 1987. — 124 б.
- 11 Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 160 б.
- 12 Момынова Б.Қ. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі / Б.Қ. Момынова // Тілтаным. — 2003. — №1. — Б.14-20.
- 13 Сейсенова А.Д. Лингвистическая культурология, сопоставление этикетных формул: автореф. дис. ... канд. филол. наук / А.Д. Сейсенова. — Алматы, 1998. — 29 с.
- 14 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері / Г. Смағұлова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 130 б.
- 15 Бейсенбаева С.Б. Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі / С.Б. Бейсенбаева, Б. Момынова. — Алматы: А. Байтұрсынұлы ағындағы Тіл білімі институты, 2017. — 288 б.
- 16 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі / Ф.Ш. Оразбаева. — Алматы: РБК, 2000. — 207 б.
- 17 Горелов И.Н. Невербальные компоненты коммуникации / И.Н. Горелов. — М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. — 112 с.
- 18 Пиз А. Язык телодвижений / А. Пиз. — М.: Изд-во «Э», 2017. — 464 с.
- 19 Нарожная В.Д. Невербальная коммуникация как этнокультурный феномен (теоретико-экспериментальное исследование): автореф. дис. ... д-ра филол. наук / В.Д. Нарожная. — Кокшетау, 2010. — 42 б.

А.Н. Муратова, У.М. Бахтикереева, Ш. Мажитаева

Исследование невербальных средств и их функциональное значение

В статье изучена история исследования невербальных средств общения. Опираясь на выводы ученых-языковедов и на примере собранных из художественных произведений, авторами проанализированы национальные особенности невербального общения. Кроме того, представлен компаративный анализ данных средств общения в различных национальных культурах, определены особенности невербальных средств общения. Проведен семантический анализ вспомогательных средств общения, используемых в зависимости от мировоззрения и культуры, истории и образа жизни каждой нации. Определен смысл невербальных приемов, применяемых в ходе общения, с учетом результатов анкетирования.

тирования студентов. В ходе исследования авторы использовали различные методы, в том числе и метод анализа для раскрытия скрытого, имплицитного смысла невербальных элементов.

Ключевые слова: невербальные средства, мимика, скрытое значение, национальное мировоззрение, история и образ жизни нации.

A.N. Muratova, U.M. Bakhtikireeva, Sh. Mazhitayeva
Study of non-verbal ways and their functional value

In the article, the authors consider the history of the study of non-verbal tools in foreign science and domestic linguistics. It can be seen that in the works of domestic scientists, the types and techniques of non-verbal methods, the knowledge and culture, history and traditions of each nation are considered. Determining the nature of nonverbal actions is essential for understanding its nature, communicative function in the transmission of ideas is analyzed. The authors of the article prove with real examples that non-verbal methods are not just used to convey the message, but also to convey important events that are kept secret for the country and its history. In such cases it is often based on the agreement of two people or a group and additional meaning of a national character is enhanced. In their study, the authors used different methods, including the method of analysis, with the aim of revealing the hidden, implicit meaning of nonverbal tricks.

Keywords: non-verbal ways, kinesics, facial expressions, hidden message, national outlook.

References

- 1 (1998). Qazaq tili ensiklopediasy [Encyclopedia of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Kreidlin, G.E. (2002). Neverbalnaia semiotika [Non-verbal semiotics]. Moscow: Novoe literatyrnoe obozrenie [in Russian].
- 3 Balver, J. (1974). Or the natural language of the hand and Chironomia: Or the art of manual rhetoric. Illinois: Southern Illinois Univ. Press.
- 4 Efron, D. (1941) Gesture and Environment. New York: King's.
- 5 Birdwhistell, R.L. (1952). Introduction to kinesics: An annotation system for analysis of body motion and gesture. Louisville, KY: Univ. of Louisville.
- 6 Kendon, A. (1967). Some functions of gaze-directions in social interaction. *Acta Psychologica. European journal of psychology*, 22–63. Amsterdam.
- 7 Muratova, A., & Mazhitayeva, Sh. (2021). Non-verbal signs and secret communication as universal signs of intercultural communication. *Rupkatha journal on interdisciplinary studies in humanities*, 13(1), 1-9.
- 8 Baitursynuly, A. (2003). Adebiet tanytyqysh [Literary critic]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 9 Aimauytov, Zh. (1998). Psikhologiiia [Psychology]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 10 Qordabaev, T. (1987) Qazaq til biliminin qalyptasu, damu zoldary [Ways of formation and development of Kazakh linguistics]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Zhumabayev, M. (1992). Pedagogika [Pedagogy]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 12 Momynova, B.Q. (2003). Liderler imidzhin qalyptastyrudagy beiverbaldy elementter men bagalauastyq leksikanyñ roli [The role of nonverbal elements and evaluative vocabulary in the formation of the image of leaders.]. *Tiltanyñ — Linguistics*, 2, 14-20 [in Kazakh].
- 13 Seisenova, A.D. (1998). Lingvisticheskaia kulturalogiia, sopostavlenie etiketnykh formul [Linguistic culturology, comparison of etiquette formulas]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 14 Smagulova, G. (1998). Magynalas frasiologismderdin ultyq-madeni aspektileri [National and cultural aspects of semantic phaseologisms]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 15 Beisenbayeva, S.B., & Momynova, B. (2017). Qazaq ym-isharattarynyñ tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh gestures]. Almaty: A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty [in Kazakh].
- 16 Orazhbaeva, F.Sh. (2000). Tildik qatynas: teoriiasy zhane adistemesi [Language communication: theory and methodology]. Almaty: RBK [in Kazakh].
- 17 Gorelov, I.N. (2009). Neverbalnye komponenty kommunikatsii [Nonverbal components of communication]. Moscow: Kniznyi dom «LIBROKOM» [in Russian].
- 18 Piz, A. (2017). Yazyk telodvizhenii [Language of body movements]. Moscow: Izdatelstvo «E» [in Russian].
- 19 Narozhnaia, B.D. (2010). Neverbalnaia kommunikatsia kak etnokulturnyi fenomen (teoretiko-eksperimentalnoe issledovanie) [Non-verbal communication as an ethno-cultural phenomenon (theoretical and experimental study)]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Kokshetau [in Russian].